

# Ясауи университеті

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

университет студенттерінің үні № 11 (505) 30 маусым 2021 жыл



## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

### ҰСТАЗ ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Университет кітапханасының конференция залында қазақ әдебиеттануында өз қолтаңбасы бар ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Ерғөбек Сапарбек Сәрсенұлы еске алуға арналған кеш өтті. Жиынға «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі, Сапарбек Сәрсенұлының әріптесі Гүлімжан Жылқыбай модераторлық етті. Конференция қонақтары Сапарбек Ерғөбек туралы дайындалған деректі фильмді тамашалады. Университет ректоры Жанар Темірбекова, оқу және әлеуметтік қолдау, тәрбие істері жөніндегі проректор Асқар Тұрғанбаев, филология факультетінің деканы Нұрсәуле Айтбаева 1992 жылдан бері өмірден өткенге дейін университетте оқытушы, кафедра меңгерушісі, доцент ретінде абыроймен қызмет атқарған Сапарбек ағаның сүбелі еңбегі жайлы сөз сөйледі. Әдебиеттанушы, зерттеуші ғалымды еске алу кешіне университет ұжымы, шәкірттері, курстас достары, туған-туыстары қатысып, естеліктерімен бөлісті. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сапарбек Сәрсенұлы жайлы тебіреніп сөйлемеген жан қалмады. Көз көргендер Сапарбек ағаның адамгершілік, кісілік қырлары жайлы жылы естеліктері мен жүрек түкпіріндегі сағыныштарын сырлы сөзбен жеткізді. Кеш қонақтарына Сапарбек ағаның жары ұстаз, ғалым Нағима Қожанованың «Нығмет сенде бір мен бар» атты естелік жинағы сыйға тартылды. Онда ғалымның көз көрген замандастары мен әріптестері, шәкірттерінің жүрек тебірентер жылы лебіздері мен естеліктері топтастырылған. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейтінін» айтқан кеш қонақтары әдебиет сүйер қауым мен шәкірттері барда Сапарбек ағаның аты өшпейтінін айтты. Алпыстан енді асқан шағында келмесіне кемесіне мініп кеткен Сапарбек Ерғөбекті өлді деуге сірә болмас! Абайша айтсақ: «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған?!». Кеш соңында қатысушылар осындай іс-шаралар ұйымдастырылып тұрса деген ақжолтай тілектерін білдірді. Бағасын асқақтатар достары, ізін жалғастырар шәкірттері, соңына қалдырған зерттеу еңбектері барда Сапарбек Ерғөбек есімі ұмытылмайды.

### ТҮЛЕКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

«Жас мемлекеттік қызметші мектебінің» 2020-2021 жылғы кезеңінің түлектерін марапаттау рәсімі өтті. Аталмыш жиынға университетіміздің ректоры Ж.Темірбекова, ректор өкілі Ж.Томар, Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор Э. Идрисова, Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі проректор Ш.Есимова, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы А.Шілманов, департаменттің мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Н.Шынтаев және университетіміздің қызметкерлері мен студенттері қатысты. Аталған жиында университет ректоры Ж.Темірбекова, ректор өкілі Женгиз Томар, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы А.Шілманов және Мемлекеттік басқару және аймақтық даму бағдарламасының жетекшісі Х.Масадиков баяндама жасады.

## 28 МАУСЫМ - БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ!



### Құрметті байланыс және ақпарат қызметкерлері! Сіздерді төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Қызығы мен қиындығы алмасып жататын журналистика саласы үлкен жүрек пен табандылықты талап етеді. Қайнаған қоғамдық жұмыстың ішінде жүріп, Сіздер облыс пен қаламызды, университетіміздің тыныс-тіршілігін, бүгінгі мен ертеңі, кешегі бай шежіресін және қазіргі таңда болып жатқан тың өзгерістер мен өзекті мәселелерді шынайы түрде қалың бұқараға жеткізіп келесіздер. Бүгінде біз жаһандық даму көшінен қалмай төртқұл дүниедегі оқиғалардан дер кезінде хабардар болып отырсақ, ол сіздердің арқаларыңызда жүзеге асуда. Журналистік еңбекқорлықтарыңыз және материалды өңдеу шеберліктеріңіз, өңірдің маңызды оқиғаларын жедел әрі сапалы көрсетудегі ынталарыңыз әрдайым құрметке лайық. Қаламдарыңыз қарымды бола берсін! Осынау кәсіби мерекеде сіздерге шығармашылық табыс, отбасыларыңызға бақыт тілеймін!

Құрметпен,  
университет ректоры Ж.Темірбекова

## БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ – ХАЛЫҚТЫҢ КӨЗІ, ҚҰЛАҒЫ ҺӘМ ТІЛІ

Ғылыми кітапхананың конференция залында Байланыс және ақпарат қызметкерлері күніне орай университетте қызмет атқаратын бірқатар журналистер мен оқытушы-профессорлар, жергілікті БАҚ өкілдерін марапаттау рәсімі өтті.

Атаулы мерекеге орай, университетімізде БАҚ саласында көп жылдан бері абыройлы қызмет атқарып келе жатқан өз ісінің білікті, тәжірибелі мамандарына құрмет көрсетілді. Журналистерді университет ректоры Жанар Темірбекова, ректор өкілі Женгиз Томар мен оқу және әлеуметтік қолдау, тәрбие істері жөніндегі проректор Асқар Тұрғанбаев арнайы құттықтап, алғыс хат пен сыйлықтар табыстады. Абыройлы мамандықты шәкірттерге оқытуда талмай еңбектеніп жүрген қаламгерлер қауымына алғыс білдірді. Жиын барысында Журналистика кафедрасының негізін қалаушы ф.ғ.д., профессоры С.Садықов «Білім беру ісінің үздік педагогі- 2021» атты республикалық байқауының I дәрежелі дипломымен марапатталды. Сондай-ақ, Білім беру саласына қосқан айрықша еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» атты мерекелік төсбелгімен ма-

рапатталды. Университетіміздің тыныс-тіршілігін, бүгінгі мен ертеңі, кешегі бай шежіресін және қазіргі таңда болып жатқан тың өзгерістер мен өзекті мәселелерді шынайы түрде қалың бұқараға жеткізіп жүрген журналистер қауымына арнап кітапхана ұжымы арнайы кітап көрмесін ұйымдастырды. Қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдары азаматтық қоғамның ажырамас бөлігі ретінде билік пен бұқара халық арасын байланыстырушы буын ғана емес, халқымыздың барлық жоғары жетістіктерінің жаршысына айналды. Озық технология, интернет заманында да баспасөз халықты қажетті ақпаратпен қамтып келеді. Ақпаратты халыққа шынайы жеткізу үшін күн-түн демей, бар күштерін сарп етіп еңбектеніп жүрген журналистер атынан сөз алған Қазақстан Журналистер Одағының Түркістан облысы бойынша төрағасы Ғалымжан Елшібай университет басшылығына алғысын білдірді.

28 маусым – байланыс және ақпарат қызметкерлері күні. Ендеше, осы саланың төңірегінде жүрген, сөз, қоғам және ар жауапкершілігін арқалаған мамандық иелерін төл мерекемен құттықтаймыз.



## ТАЛАПКЕР - 2021

# ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ МҮМКІНДІК МОЛ

Көпшіліктің көңілін күпті еткен тест тапсыру маусымы да аяқталып қалды. Бітіруші түлектердің университетке түсуге талап қылатын кез де келді. Бүкіл елдегідей, біздің Ахмет Ясауи университетінде де құжат қабылдау науқаны басталды. Жалпы, қабылдаудың тәртібі қандай? Талапкерлер үшін биыл қандай ерекшеліктер бар? Біз Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Еділ Төлегеновке жолығып осы мәселелер бойынша сауалдар қойғанбыз. Назарларыңызға ұсынамыз.



**– Шығармашылық емтихан қашан басталады?**

– Шығармашылық мамандықтар үшін 20 маусым – 7 шілде аралығында құжат қабылданады. Шығармашылық емтихандар 08-13 шілде аралығында өтеді.

**– Талапкер шығармашылық емтиханнан қанша балл жинауы керек?**

– Талапкерлер екі шығармашылық емтихан тапсырады. Талапкер әр

шығармашылық емтиханнан 45 балдан жалпы 90 балл алады.

**– Түркия тарапынан қанша грант бөлінеді және оған талапкерлер қалай қатысып, бақ сынап алады?**

– Түркия тарапынан жылдағыдай 500 грант(квота) бөлінеді. Ол 500 грантты кімдер ала алады? Бұл гранттар Қазақстан Республикасы азаматтарына беріледі. Талапкер ҰБТ нәтижесі бойынша мемлекеттік білім гранты конкурсынан өте алмай қалса, ақысыз оқуға тағы бір мүмкіндік: осы біздің университеттің Түркия квотасы. Оған тамыз айында құжат тапсырып, қатысуға болады.

**қандай?**

– Денсаулық сақтау(жалпы медицина) мамандығы бойынша кемінде 90 балл, стоматология – 80 балл, педагогикалық білім беру бағыты бойынша 75 балл, өнер мамандықтары – 80 балл, дінтану және теология – 60 балл, басқа мамандықтарға 50 және одан жоғары ұпай жинаған Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады.

**– Ахмет Ясауи университетін таңдаған талапкерге қандай мүмкіндіктер бар? Осы жөнінде тарқатып айтсаңыз.**

– Университетте оқу төрт тілде жүргізіледі (қазақ, түрік, ағылшын, орыс), сондықтан, біріншіден, төрт тілді меңгеру мүмкіндігі бар. Екіншіден шетелге шығуға зор мүмкіндік бар. Түркияның 70-тен астам университетіне, Шығыс Еуропа елдері ЖОО-ларына 1 не 2 семестрге Академиялық ұтқырлық бағдарламасымен білім алып келуіне болады. Біздің университетте «Орхон», «Ерасмус» «Мевлана» академиялық ұтқырлық бағдарламалары жұмыс істейді. Одан тыс мынадай мол мүмкіндіктер барын айту парыз:

- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті еліміздегі жалғыз халықаралық және ерекше мәртебеге ие оқу орны.
  - Университетіміз Түркия мен Қазақстан үкіметтері қаржыландыратындықтан ең озық материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілген үздік университеттердің бірі.
  - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті түлектерінің дипломдары барлық түркі тілдес елдерде еш кедергісіз танылады(нострификацияланады).
  - Университет инфрақұрылымы: кітапхана, асхана, жатақхана, оқу лабораториялары заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген.
  - Студенттерді әлеуметтік қолдау жүйесі қалыптасқан. Үлгерімі жақсы болған жағдайда ақылы негізде білім алушылар үшін тегін оқуға түрік квотасына ауысу мүмкіндігі бар.
  - Студенттер өздерінің бизнес идеялары мен жобаларын жүзеге асыру үшін студенттік клубтар мен үйірмелер, стартап жобалар, спорттық клубтар жұмыс істейді.
  - Біздің студенттер академиялық ұтқырлық шеңберінде Гази, Стамбул университеті, Хаджетепе, Иылдыз Текник және т.б. Түркияның, Еуропаның ең үздік университеттерінде білім алу мүмкіндігіне ие.
  - Университетті бітірген соң жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары.
- Жеңілдіктер бар ма, бар болса оны кімдер пайдалана алады?** Әлеуметтік жағдайға байланысты оқу ақысын төлеу бойынша бізде түрлі жеңілдіктер бар. Олар:

- Оқу үлгерім нәтижесімен босаған грант немесе Түркия квотасына ауысу мүмкіндігі;
  - Оқу үлгерім нәтижесімен 15 пайыздан, 25 пайызға дейін оқу ақысынан жеңілдік алу;
  - Олимпиада Азия ойындарының, Әлем, Азия чемпиондары, Қазақстан Республикасы біріншіліктерінде жеңімпаз болсаңыз оқу ақысынан 100 пайыз жеңілдік;
  - Әлеуметтік төмен отбасылардың балаларына, тұл жетім студенттерге жеңілдіктер қарастырылған. Сонымен қатар бізде оқитын студент еліміздегі ең төменгі бағамен студенттік жатақхана және асхананы пайдаланады. Жатақхана 1 оқу жылына 25 000 мың теңге болса, студенттік асханада кешенді ас мәзірін – 250 теңгемен күніне 2 рет тамақтана алады. (Нарықтағы бағамен есептесек ол тамақ бұдан көп қымбат тұрады, бірақ студенттерді қолдау мақсатында осындай жеңілдікпен беріледі).
- ЖОО-дан кейінгі жоғары білім жөнінде айта кетсеңіз.**
- Магистратура бойынша ҰТО жүйесі арқылы 01 маусым мен 15

шілде арқылы онлайн режимде Ұлттық тестілеу орталығы арқылы тіркеледі. Емтихандары 20 шілде – 10 тамыз аралығында өтеді. Магистратураға қабылдау 28 тамызға дейін жалғасады. Докторантура бойынша 3 шілде – 3 тамыз аралығында құжат қабылданады. Бұл екеуінің де емтихандары Өңірлік тестілеу орталығында компьютерлік форматта өтеді.

Шетелдік азаматтар бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламасына сұхбаттасу емтиханы арқылы өтеді.

**– Мазмұнды әңгімеңіз бен маңызды ақпараттарыңыз үшін көп рахмет.**

Әңгімелескен: Өтіргүл ТӘШІМ.



Түркия квотасына іріктеу жұмыстары тек мамыр-маусым айында тапсырған Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесі бойынша берілген сертификат ұпайына қарай жүргізіледі. Ұпай саны тең болып, басым құқығы болмаған жағдайда, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа ұпайы бірдей болғанда бірінші бейіндік пән бойынша алған ұпайы ескеріледі. «Алтын белгі» иегерлері конкурс кезінде ұпайлары бірдей болған кезде ғана ескеріледі.

Түркия грантына қабылданған білімгерлер күндізгі бөлім оқу түріне 1 жыл «Дайындық курсы» оқу шартымен қабылданады. Республикалық «Ясауи» пәндік олимпиадасы жүлдегерлері, Халықаралық, Республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиада жүлдегерлері, сонымен қатар әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына осы гранттан орындар қарастырылады.

**– Ақылы негізде оқуға қабылдаудың шектік балл деңгейі**



## ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІ ТАНЫТУ ҚАНШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗДЫ ӘРІ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСУДА?



*Түркістан қаласының аты аталғанда бірден Қожа Ахмет Ясауи кесенесі еске түседі. Қаланың тарихы да Әзірет Сұлтан кесенесімен тығыз байланысты. Түркі жұртының жастарын бір шаңырақ астына біріктіріп, білім беріп отырған оқу ордамыздың атауы да Ясауидің атымен аталуы тегін болмаса керек. Сондықтан ғұлама тұлға Қожа Ахмет Ясауиді таныту, зерттеу жұмыстарын білу мақсатында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түркі университетінің «Ясауи» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрлан Мансұровпен сұқбаттасқан едік.*

**- Орталықтың тарихына тоқталып кетсеңіз? Қай жылы ашылды, кімнің бастамасымен? Қандай ғалымдар жұмыс істеді?**

- Орталықтың өз тарихы бар. Әрине, аз да болса айтуға тұрарлық өзіндік тарихы бар. Елбасы, Тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаев Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінде «Ясауи тек қазақ халқының ғана емес, барша түркі әлемінің ұстазы» екендігін атап өткен болатын. Сөз жоқ, Түркістан атауы Ясауимен тікелей байланысты. Сондықтан алғаш 2016 жылы тамыз айындағы Сенат мәжілісінде Ясауи атындағы орталық ашу мәселесі талқыланып, оның қажеттілігі кеңірек сөз етілген. Сол Сенатта қабылданған шешім сол жылдың қараша айында Өкілетті Кеңестің кезекті отырысында қаралып, бірауыздан қолдау тапқан. Нәтижесінде өзіндік құрылымы, мақсаттары мен міндеттері белгіленген орталық дүниеге келді. Әрине, Ясауи туралы зерттеулер оның орталық ретінде қалыптасуының бастауы сонау университет тарихымен қатарлас. Ал біздің негізге алғанымыз орталықтың жеке дара құрылым ретінде ашылғандығын айтып отырмыз. Содан бері біршама танымал ғалымдар қызмет атқарып, тұлғаны танытуға елеулі үлес қосқандар, Ясауидің зерттеулері еңбек ретінде жарық көріп келеді.

**Орталықтың мақсаты мен міндеттері қандай?**

- Орталықтың міндеті – іргелі ғылыми-зерттеулер жүргізу арқылы Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы мен түркілік мұсылмандықтың сабақтастығын ашып көрсету және ондағы маңызды еңбектері жарыққа шығаруды сәйкес жаңа қырынан зерделеп, оның мәдениетті, руханиятты дамытуға қосқан үлесін айқындау. Мұнда мынаны ерекше атау керек: бірінші, танымал тұлғаның шығармаларына зерттеулер жүргізіп, бүгінгі оқырманға ұсыну; екінші, көне түркі тілінде араб әріптерімен жазылған нұсқаларына текстологиялық сараптама жасап, тілдік тұрғыда талдау жұмыстарын жүргізу; үшінші, оқырманға Ясауи болмысын таныту, яғни оның еңбектерін, тұлғалық қасиетін, рухани танымын, діни ұстанымдарын, мәдени һәм әдеби, тілдік тұрғыда қосқан үлесін, т.б. ашып көрсету.

Ал осы мақсат-міндеттердің орындалуына келсек, ондамынаны айтуға болады: - Орталық қызметкерлерінің атсалысуымен тұлғаның еңбектері жарыққа шығаруды қолға алу керек. Солардың қатарында 2006 жылы «Бустан ул-Мухиббин» еңбегі жарыққа шыққан. Алайда оның жарнамасы жасалынбаған, яғни көпшілік оқырманға әлі толық таныс емес. Оған қоса еңбектің қазақша мәтіні ұсынылмаған. Өзінің шәкірті болған Сүлеймен Бақырғани жайлы жиі айтамыз, бірақ оның жазбаларындағы сабақтастық, ұстазға деген шәкірттің насихаты, тіпті шығармаларындағы Ясауи тілге тиек еткен дүниелердің дерлік барлығы нақты ұсынылмағандығын көреміз. Олай болса ұстаздық еткен тұлғаның шәкірттері мен олардың еңбектерінде көнінен оқырманға ұсыну кезек күттірмейтін мәселе болмақ.

**- Қожа Ахмет Ясауи бабамызды ислам діні таратушы сопы ретінде танимыз. Қазіргі таңда оны зерттеу қай бағыттарда жүріп жатыр?**

-Расында, Қожа Ахмет Ясауиді әлі күнге тұлға ретінде толық тани алмай келетін сияқтымыз. Оның басты себептері тек қана дін тартушы, сопылық жағы ғана айтылып келеді. Ясауиді басқа қырларынан таныту үшін біз алдымызға нақты жоспар қойып, бағыттарымызды айқындап алуымыз керек. Өйткені көп ретте Ясауи дегенде біз кесене, сол қылуат, мешіт, монша, т.б. шектелетін сияқты көрінеді. Алайда оның сыртында қаншама дүниелер жатыр. Міне осы негізде Орталықтың басты ғылыми бағыты «Ғаламдық өркениет дамуындағы Ясауи танымы, тарихы, тағылымы» дегенді негізге алуды мақсат етіп келеді. Онда мынадай басымдықтарға ерекше назар аударуды басшылыққа алады:

Бірінші, Қожа Ахмет Ясауи қолжазбаларын зерттеп-зерделеу. Бүгінге дейін Ясауи қолжазбаларының барлығы толығымен зерттеліп-зерделеніп бітпеген. Олардың басым көпшілігі транскрипциямен берілген, бірақ мәтіндердің (хикметтердің) мазмұны әлі де толық қазақша талдауларды қажет етеді. Сол себепті орталық ғылыми қызметкерлері осы бағытта көшенді жұмыс жасауды жоспарлауды қолға алып отыр. Мұнда негізгі мәселе жазба нұсқалардың көшірмелері жинақталса деген ойларымыз да жоқ емес. Өйткені Қожа Ахмет Ясауи еңбектері қолжазбаларының басым көпшілігі сыртта. Ал өзімізде бар дейтіндер де бар шығар. Біздіңше, олар жеке адамдардың қолында. Бұл қолжазбаларды зерттеп-зерделеуге толық мүмкіндік бермейді.

Екінші, Қожа Ахмет Ясауи ізбасарларының еңбектерін таныту. Бүгінде бізге жеткен мәліметтерге қарағанда Қожа Ахмет Ясауидің көп ізбасары болған делінеді. Алайда олардың дерлік барлығы толығымен аталып, еңбектері жария етілмеген. Тіпті ол ізбасарлардың Ясауи жайлы жазған еңбектері де көпшілікке таныла қоймаған. Басым көпшілігі ғылыми айналымға да ендірілмегендігін кездестіреміз. Солардың бірі Сүлеймен Бақырғанидің «Ақырзаман» атты еңбегі. Ысқақ баб ұрығы, Шайқы Ибраһим құлыны, Машайықтар ұлығы – шайқым Қожа Ахмет Ясауи деп жырлаған ақын Ясауидің шәкірті болғандығын растайды. Міне бұл еңбек те тәржімаланып, қазақша мағынасымен оқырманға ұсынылмаған. Бәлкім ғылыми ортада тіл мен әдебиет мамандары тарапынан танысқандар болған да шығар. Десе де, қарабайыр халыққа мұндай еңбектер толығымен әлі жетпегендігін айту керек. Одан өзге осы жолды ұстанған талай ізбасарлардың сыры әлі толығымен ашылмаған.

Үшінші, Түркі ислам өркениеті тарихындағы Қожа Ахмет Ясауидің орнын ашып көрсету. Рас, Қожа Ахмет Ясауи түркі әлеміне танымал тұлға. Алайда оның қаузаған мәселелері жалпы әлемдік деңгейде қаралуы тиіс. Сол себепті оның рухани танымдық тұлғасын ғаламдық өркениет даму заманында бүкіл әлемге таныту қажет. Олай болса оның еңбектері өзге тілдерге тәржімаланса кең таралады. Сөз жоқ, түрік, өзбек, орыс тілдерінде жарық көргендері бар. Шығыс тілдеріне, еуропа тілдеріне аударылып, бірнеше тиражбен жарыққа шықса, онда оның танымалдығы да біршама артар еді дегіміз келеді. Бұл қала берді, бүгінгі заман талабы.

Төртінші, Қожа Ахмет Ясауи танымының тарихы мен діни-рухани тағылымын ұғындыру. Қожа Ахмет Ясауи танымы жайлы деректерді насихаттау. Тек қана «Диуани хикмет» еңбегімен шектелмей, өзге зерттеулерін соның негізінде құнды еңбек саналатын «Пақырнама», «Миратул қулуб», т.б. шығармаларын кеңірек таныту.

Сөз жоқ, ғылыми орта бар, қалыптасқан дейік. Алайда қарабайыр халық осылармен толық таныс па? Міне мұны да ескеру керек. Біз бүгінде жай жалпыхалыққа түсінікті тілде бұл аталған еңбектерді танытуымыз керек. Өйткені Ясауи танымы тұнып тұрған тарихи құбылыс. Кезінде сол арқылы мәдениет, әдебиет, тіл, қала берді дәстүр де қалыптасты. Ал діннің рухани тағылымы өз алдына бөлек қарауды қажет етеді. Осылардың негізінде түркі халқына ортақ тағылым ретінде саналатын Ясауидің діни-рухани тағылымы кешенді түрде қаралуы тиіс. Мұның нәтижесінде «Диуани хикмет еңбегінің мазмұндық сипаты» деген атпен көлемді еңбек жарыққа шығуы керек деп білеміз.

Бесінші, Қожа Ахмет Ясауи шығармаларының тілдік сипаттамасы. Қожа Ахмет Ясауи шығармасын терең түсіну үшін оның хикметтерінің мәнін ұғынуымыз керек. Бұл ретте сонау көне заманда жазылып, хатталған шығарманың тілдік қолданысын, ондағы мазмұны мен мәнін ашу қажеттігі туындайды. Бұл өз кезегінде хикметтерді талдауды талап етеді. Расында, хикметтер қазақша аударма түрінде жарияланды. Алайда оның айтар тұжырымы мен мақсаты толығымен ашылды ма?! Осы өте маңызды. Сондықтан хикметтерді тілдік тұрғыда талдау аса қажет. Онда келтірілген қасиетті Құран Кәрім аяттары мен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистеріне түсінік беру, олардың Ясауи шығармаларындағы сабақтастығының мәнін ашу бүгінгі заман талабы. Ал мұндай бастамалар «Ясауи тілінің сөздігі» атты еңбектің құрастырылуын қамтамасыз етеді.

Ия, тілі жайлы айтылған ғалымдар тарапынан пікірлер өзіміздің отандық әрі шетелдік ой-тұжырымдар жайлы біршама еңбектерді атауға болады. Белгілі ғалым, әйгілі тіл маманы Р.Сыздықова «Ясауи шығармаларының тілі» атты еңбегін ұсынды. Онда ғалымның айтқан мынадай пікірі маңызды: «Ислам діни ағымдарының бірі – суфизмнің ірі өкілі – Ясауи мұрасын танып-білуге ұмтылыс жасауда тек діни оқу орында-

рында ғана емес, қалың көпшілікке ислам уағыздары түсіндіріліп жатыр. Ясауи мұрасы қазақшаға аударылып та, XIX-XX ғасырларда жарық көрген немесе қолжазба түрінде сақталған түпнұсқа бойынша да жариялануда. Демек, бұл күндерде қалың қазақ оқырмандары бұл арадағы әрбір діни атаулардың, суфизм терминдерінің мағыналарын дұрыс танып-білулері қажет, өйткені араб, парсы сөздерінің бұдан 7-8 ғасыр бұрынғы белгілі бір діни ағым қолданысындағы мағынасы мен қазіргі қазақ тілінде қалыптасқан мағыналары бірдей еместігі түсінікті. Сондықтан сопылық әдебиетте кездесетін кейбір араб пен парсы сөздерінің діни терминдік ұғымын түсіндіріп беруді де жөн көрдік» дейді. Демек, хикметтердің тілдік мазмұны әлі де тереңірек зерттеуді қажет етеді. Терминдік тұрғыда қолданыс тапқан әр сөздің мәнін ашуда хикметтердің мағыналық сипаты анықталады. Бұл да Ясауитанудың өте маңызды бір қыры.

Алтыншы, Қожа Ахмет Ясауидің энциклопедиясын жарыққа шығару. Қожа Ахмет Ясауиді таныту үшін оның шығармаларын бүгінгі әлемдік деңгейде ерекше орын алатын шет тілдеріне аударма жасалса орынды болар еді дедік жоғарыда. Әрине, ол алдағы уақыттың еншісіндегі дүние. Бірақ оның энциклопедиясын жасауға толық мүмкіндік бар. Ол келелі әрі мән-мазмұны кең қамтылған «Ясауи энциклопедиясы» атты еңбек болуы керек. Орталық ұжымы, қала берді университет ұжымын толық тарту арқылы осындай игі бастамаларды қарастыруға болады. Сондықтан университет есімі танымал тұлғаның беделін арттыру мақсатында мұндай жұмыстарды ұжым болып қолға алуы тиіс.

Басты мақсат – бүгінгі ғаламдық өркениет дамуында Қожа Ахмет Ясауидің рухани танымын әлем сахнасына таныту.

**- Ахмет Ясауиді зерттеуге ден қойылмай жатқан сияқты көрінеді. Қандай ғылыми орталық немесе институттар бар?**

- Бүгінде «Ясауи» зерттеулері жайлы сөз болғанда бірінші кезекте оның атымен тікелей байланысты Түркістан топырағында тұлғаның қолжазбалары, еңбектерінің қолжетімді жинақтары (қазақша мазмұнымен), біз мақсат еткен ізбасарларының да еңбектері, олардың Ясауи жайлы жазған еңбектеріндегі мәліметтер, сондай-ақ осы дүниелердің барлығының шет тілдеріндегі басылымдары болуы тиіс деп санаймыз. Сонда ғана біз Қожа Ахмет Ясауи тұлғасын толық таныта алдық деп білеміз. Ең басты мәселе, оның қолжазбаларының көшірмелерін жинақтау қажет. Ол бір орталықтанған ғылыми орталықта тұруы керек әрі қолжетімді болғаны дұрыс. Кез келген ясауитанушы ретінде оның қолжазбаларын, еңбектерін, ізбасарларының мұраларын, т.т. көруге толық мүмкіншілік жасалуы тиіс. Міне сонда ғана Ясауи тұлғасының сыры жан-жақты қарастырылатын болады. Олай етпегенде біз бар болғаны кесене, қылуат, жазбалары саналатын «Диуани хикметпен» шектелеміз, яғни оның бар болмысы мен еңбектері, тарихи тұлғалық танымы толық ашылып, зерттелуге мүмкіндік болмай қалуы кедік. Ясауиді зерттеу орталықтарына келер болсақ, ол бар болғаны осы университеттегі ғылыми-зерттеу орталығы мен қаламыздағы музейді атауға болады.

Кеше ғана 1150 жылдығын тойлап, ауқымды, яғни мемлекеттік деңгейде іс-шаралар өткізген әл-Фараби атында ұлттық университет қабырғасында арнайы ұйымдастырылған ғылыми орталық бар. 175 жылдық мерейтойды тойлаған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Абай» ғылыми-зерттеу орталығы, Абай студиясы жұмыс істеп келеді. Олай болса Ясауи университетінде де «Ясауи» ғылыми-зерттеу орталығының да қызметін жандандыру керек. Мүмкін бұл алдағы уақыттардың еншісіне тиер.

Жуырда облыс әкімшілігі мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түркі университетінің Өкілетті Кеңес төрағасы Мухиттин Шимшек мырзамен кездесу барысында қомақты қаражат бөлінетінін, оның оқу орнын жаңғырту жобаларына жұмсалатынын, яғни университет клиникасын заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету, білікті мамандарды тарту, түркиялық білімді мамандармен тәжірибе алмасу, т.т. мәселелер қаралып, соның ішінде университеттегі түркология, ясауитану орталықтарын да жандандыру қажеттігін сөз еткен болатын. Міне сондықтан осы айтылған жобалар алдағы уақытта толығымен шешімін табады деуге болады.

Түркістанға ежелден Әзірет Сұлтан кесенесіне зиярат етушілер арнайы келіп жатады. «Арыстанбаба түне, Әзірет Сұлтаннан тіле» деген халық арасында жүрген сөз де бар. Бұл сөздер кесененің қасиетіне байланысты айтылса керек. Қаламызда туристерді қызықтыратын басты нысана түркі әлемінің ұстазы Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесі екені де рас. Өкінішке орай, тастан басына кесене тұрғызылғанымен, бейнесін еш жерден көре алмаймыз, бабаның бір ескерткіші кем болып тұрғандай. Сонымен қатар, Ясауидің ғибратты сөздерін қала көшелеріне, кесененің маңайына жаздырып қойса ұрпағы оқып, біліп, тәлім алып жүрер еді. Қазір тек ислам дінін таратушы тұлға екені ғана айтылып жүргенін ғалым тілге тиек етті. Түркістанды әлемге танытып тұрған Ясауи бабамыздың жазбаларын жинақтап, тереңдей зерттеу жұмыстарын жасау кезек күттірмейтін іс.

**Сұқбаттасқан:  
Эльмира АРТЫҚБАЕВА**



## ОҚУ ОРДАМЫЗҒА - 30 ЖЫЛ!

## УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН ӘРБІР ЖЕТІСТІГІНЕ БІЗ ӘРҚАШАН ҚУАНАМЫЗ

Киелі топырақ Түркістанды дамыту мақсатында 1991 жылы 6 маусымда Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген шешімімен Орта Азиядағы түркі тілдес елдердің орталығы Түркістан мемлекеттік университеті құрылды. Университеттің алғашқы ректоры болып химия ғылымдарының докторы, профессор ҚР ҰҒА академигі Мұрат Жұрынұлы Жұрынов тағайындалды.

Алғашқы ректордың қолында Ел Президентінің Жарлығынан басқа ештеңе жоқ еді. Сол себепті, «Неден бастау керек?» деген үлкен сұрақ тұрды. Мұрат Жұрынұлы – ЖОО-да кафедра меңгерушісі, факультет деканы, проректор және мекеме басшысы қызметтерін атқарған тәжірибелі ғалым болатын. Осы жинаған мол тәжірибесі академиктің бұл істе нәтижеге қол жеткізуіне өз септігін тигізді.

Оқу орны үшін оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті ғимараттар керек болды. Ғимараттар мәселесі сол кездегі Түркістан қаласы басшылығының қолдауымен шешілді. Ауыр да, қиын түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде қазіргі Есімхан алаңынан 3 қабатты бір ғимарат, Тәуке хан даңғылы мен Қазыбек би көшесінің бойларында орналасқан сол кездегі техникумдардың бірнеше ғимараттары университет қажеттілігіне пайдалануға берілді. Бірақ ғимарат мәселесі бірден шешілген жоқ, алғашқы уақытта Қазыбек би көшесіндегі ғимарат, кейін Тәуке хан даңғылындағы, соңында Есімхан алаңындағы қала әкімшілігі тарапынан бөлінген, ( бұл ғимарат 2019 ж. кейін қайтарылды). Осымен, оқу процессін жүргізуге қажетті ғимараттар мәселесі бірсыпыра шешілді.

Енді М.Ж.Жұрыновтың алдында өте жауапты, ең маңызды, үлкен іс-шара тұрды. Бұл – бұрын жоғары оқу орны болмаған Түркістан қаласына оқытушы-профессор құрамын ұйымдастыру, шақыру болды. Бұл оңай жұмыс болмады, келген ОПҚ-ға бере салатын үй-жайы жоқ. Дайын қызметін, атқарып жатқан жұмысын, үй-жайын қалдырып, «қайдасың Түркістан»-деп жолға шыға салатын ғалымдар аз болды. Бірақ Мұрат Жұрынұлының сол кезде шақырған ғылым докторларының, профессорлардың, оқытушылардың арасында жүргізілген түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде оқу процессін үздіксіз жүргізуге қажетті қызметкерлер сол кездегі ел астанасы Алматы қаласынан, орталық Қазақстандағы Қарағанды қаласынан, Оңтүстіктегі Шымкент қаласынан келді. Сол кездегі облыс әкімі С.Терещенконың мұрындық болуымен әр аудан ұстаздарға арнап тұрғын үйлер салды. Бұл қазіргі Тұрғыт Озал және Елбасы Н.Ә.Назарбаев атындағы көшелердегі тұрғын үйлер. Мұрат Жұрынов бұл мәселенің де шешілуінде күндіз-түні аянбай тер төкті. Ректордың нағыз табанды, қайсар мінезінің арқасында 1991 жылы 340-қа жуық талапкер 1-ші курсқа студент болып қабылданды.

Оқу процессін сапалы, талапқа сай деңгейде жүргізу үшін оқу кабинеттерін, дәрісханаларын, зертханаларын оқу әдістемелік құралдарымен, қондырғылармен және апараттармен жабдықтау

қажет еді. Ол үшін қаржы керек болды. Түркістан қаласында алғашқы ашылған университетке көмек беретін, жанашырлық көрсететін қолдаушы іздеді. Ректор М.Жұрынов көп ізденді, ақылдасты, нәтижесінде түбі бір, діні бір бауырлас Түркия Республикасына тоқтады. Қазақстан Республикасының басшылығы арқылы Түркия Республикасының басшылығына шығып екі ел арасында жүргізілетін келісім жұмыстарының нәтижесінде 1992 жылы 1 мамырда университет жаңа атаумен қайта құрылды. Түркі әлемінің Ұлы ойшылы, ұстазы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болып оқу орнымыз Халықаралық дәрежеге ие болды. Бұл – елімізде құрылған алғашқы Халықаралық оқу орны еді.

Қайта құрылған университеттің жұмысын қадағалау үшін екі ел арасында құрамы 10 кісіден тұратын кеңес құрылды. Өкілетті кеңес төрағасы болып Түркия Республикасының қоғам қайраткері, мәдениет министрі болған, Қазақстанға деген үлкен құрметі бар, тамаша азамат Намық Кемал Зейбек тағайындалды. Мұрат Жұрынұлы мен Намық Кемал Зейбек мырзалар жақсы түсіністікте, сыйластықта жұмыс атқарып

Жатақханалар, Асхана, Ашық спорт алаңы, Мағжан қалашығы, 100 гектарға жуық Ботаникалық бақ өсірілді.

Осының барлығын ұйымдастырудың асында университеттің алғашқы президенті, академик Мұрат Жұрынұлы мен алғашқы Өкілетті кеңес төрағасы Намық Кемал Зейбек болды.

М.Жұрынов 1991-2001 жылдар аралығында 10 жылдан астам уақыт университетті басқарды, бұл жылдары университет ұжымы үлкен жетістіктерге қол жеткізді, осы жылдары университеттің бірнеше институттары мен бөлімдері ашылды, атап айтсақ: Шымкент институты (бұрынғы ШПИ, қазіргі ОҚМПУ), Тараз институты, Алматы институты, Кентау институты, Жетісай және Түлкібасы бөлімшелері, сонымен қатар Шымкент қаласында медицина мамандығының жоғарғы курс студенттері оқитын Шымкент медицина институты ашылды. 2000-2001 оқу жылында студент саны 25 мыңға жетті. Мұның барлығы М.Жұрыновтың ұйымдастыру жұмыстарының жемісі, жетістігі болды.

2001-2003 жылдар аралығында университет президенті (ректоры), экономика ғылымдарының докторы, профессор Оразәлі Сәбден болды.



университеттің бүгінгі қол жеткізген барлық жетістіктеріне негіз болатын достық нәтижесін іргетасын берік етіп қалады.

1990 жылдардың ортасында Елбасы Н.Ә.Назарбаев Түркістан қаласына жасаған бір сапарында, өзі ашқан университетте болып, жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысады. Қайтарында қоштасып тұрып Мұрат Жұрынұлынан сұрайды:

- Мұрат, университеттің толық аяққа тұрып жұмысы жүру үшін не керек?-дейді.

- Нұрсұлтан Әбішұлы, мүмкін болса, жер керек еді,-дейді академик.

Елбасын шығарып тұрғандардың ішінде сол кездегі ОҚО әкімі С.А. Терещенко да бар еді.

Н.Ә. Назарбаев облыс әкіміне қарап:

- Сергей, Университетке қажетті жер берілісін!-деп тапсырма береді.

Сол қысқа нұсқаудан кейін қазіргі университет орналасқан 300 гектар жер Түркістан қаласының басшылығы тарапынан бөлініп, қазіргі таңда бой көтерген Оқу ғимараттары, Мәдениет сарайы, Ясауи клиникасы, Кітапхана,

Бұл уақыт аралығында университет ұжымы белгілі жетістіктерге қол жеткізді, қазіргі екінші оқу ғимараты іске қосылды.

2003-2007 жылдар аралығында университетті педагогика ғылымдарының докторы, профессор Серік Жайлауұлы Пірәлиев басқарды. Университеттің осы оқу жылдар аралығында жеткен жетістіктері зор болды. Бұрын ЖОО ҚМҚПУ басшысы болған азамат ұжым мүшелерінің ұсыныстары мен тілектерін ескере отырып, университеттің дамуына үлкен үлес қосқан басшы. Осы жылдары ғимараттардың айналасында көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Ясауи клиникасы мен қазіргі бас ғимараттың құрылыс жұмыстары жүргізілді.

2008-2013 жылдары университет басшысы болып техника ғылымдарының докторы, профессор Лесбек Тәшімұлы Тәшімов жұмыс атқарды. Бұл жылдары Ясауи клиникасы мен Бас ғимарат іске қосылды. №5 жатақхана салынды, кітапхана үшін жеке салынған ғимарат бой көтерді. Оқу процесі Болон процесінің талаптарына сәйкес жетілдірілді. №3-ші оқу ғимараты са-

лынып, іске қосылды. ОПҚ-ң айлық жалақысы қайта қаралып өсірілді. Өтейбойдақ аллеясы салынып, болашақ медицина мамандарының Гиппократ антын қабылдайтын орынға айналды.

2013-2018 жылдары университет президенті болып, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Уәлихан Сейділдәұлы Әбдібеков қызмет атқарды. Университетте дайындалатын мамандықтардың БББ жетілдірілді. ТР мен еуропалық университеттердің жетістіктері ескерілді. Университет қалашығын көгалдандыру жұмыстары жалғастырылды, оқу ғимараттары мен жатақхана аралығы толық көгалдандырылды. ОПҚ жетістіктерін жетілдіру мақсатында ішкі рейтинг ұйымдастырылды, кезекті оқу жылының барысында орындалған іс-шаралар (ғылыми мақала, оқулық, оқу-әдістемелік құралдар т.б.с.с.) бағаланып, әрбір орындалған жетістікке ұпай беріліп, оқу жылының маусым айында қорытынданды, үздіктерге сыйақы мен марапаттар белгіленді.

2018-2021 жылдар аралығында университет басшысы қызметін биология ғылымдарының докторы, профессор Болатбек Серікбайұлы Абдрасилов атқарды. Университеттің оқу процесін жетілдіру жұмыстары жүргізілді, оқу дәрісханалары, кабинеттер, зертханалар оқу әдістемелік құралдармен жабдықталды. ОПҚ-ң ынталандыру мақсатында ұйымдастырылған ішкі рейтинг жүйесі жетілдірілді. Әлемдік деңгейдегі бағалау QS академиялық рейтинг жүйесіне ену үшін сәйкес жұмыстар жүргізілді.

2021 жылдың 9-шы наурызынан бастап университетке ректор болып Жанар Амангелдіқызы Темірбекова тағайындалды. Жас, іскер азаматша, ТР-да білім алған, жұмыс істеген, Қазақстанда бірнеше жоғарғы оқу орындарында басшылық қызмет атқарған тәжірибелі маман. Жанар Амангелдіқызына университеттің ректоры қызметінде сәттілік тілейміз. Алдағы уақытта ұжым мүшелерін жаңа жетістіктерге жеткізеді деген үміттеміз.

Ел Тәуелсіздігінің жемісі саналатын оқу орнына биыл 30 жыл толғалы отыр. Қазақстанның Егемендігімен бірге жасасып келе жатқан университетіміздің осы уақыт бедерінде тек алға қарай ұмтылып келе жатқаны біздің көз алдымызда өтіп келеді. Оқу орнының дамуына өз үлестерін қосқан барша әріптестеріміздің қызметтері еліміздің қарыштап дамуына қосылып жатқан үлес деп санаймын. Киелі Түркістан топырағы қазіргі таңда биік парасат деңгейіне қол жеткізді. Мұның басында әрине Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы атамай өтуге болмас. Облыс орталығы жасап, облыс атауын Түркістан деп белгілеуі қала тұрғындарын шаттандырды. Енді міне таяуда өткен Түркі кеңесінде қаламызды Түркі әлемінің рухани астанасы етіп жариялады. Қазіргі таңда университетіміздің рейтингтік көрсеткіштері еліміздегі алғашқы бестік қатарынан көрсетіп отыр. Жаңа басшылық бұл көрсеткіштерді мұнан да әрі жетілдіруге бар күш-жігерін салуда. Оқу орынымыздың қол жеткізген әрбір жетістігіне біз әрқашан қуанамыз. 30 жылдық мерейтойың құтты болсын, Оқу орд-дам!

**Сәрсенбек ҚОЙШЫБАЙҰЛЫ**  
**Қ.А.Ясауи атындағы**  
**Халықаралық**  
**қазақ-түрік университеті**  
**профессор.**



## ӨРКЕН ЖАЙҒАН ОҚУ ОРДАМЫЗҒА - 30 ЖЫЛ!

Түркістан түркі әлемінің рухани астанасы. Бұл мәртебенің қаламыздың халқына рух берері сөзсіз. Облыс орталығына айналған қаламыздың жаңара түсуі, жан-жақты дамуы, ел Тәуелсіздігінің жемісі. Қазақ елінің азаттығына 30 жыл толып отыр. Иә бұл көп те емес, аз да емес. Киелі шаһардың төрінде Еліміздің Тәуелсіздігімен бірге дамып келе жатқан Ахмет Ясауи университетіне де 30 жыл толып отыр.

Елдік пен ерліктің қасиетті мекені болған киелі күмбезді Түркістан тарихы, ертеден басталады. Ата қоныстың аса бай шежіресі, тарих тұңғығынан сыр шертеді. Ежелгі Түркістан даңқының әлемнің түкпір-түкпіріне кең жайылуы, Ұлы бабамыз Қ.А.Ясауидің есімімен, оның алыстан көз тартар кесенесімен тығыз байланысты.

1991 жылы 6-маусым күні Кеңес Өкіметі тоқырап, құлағалы тұрған тұста, экономикалық құлдырауға қарамастан Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың озық ойлы идеясы мен жан-жақты қолдауы негізінде Түркістан Мемлекеттік университеті құрылды. Оқу орнының аудан орталығында құрылуына қарсы пікірлер айтылып, оның болашағына сенбегендердің қарасы да көп болды. Бірақ іскер ұйымдастырушы, академик, алғашқы ректор Мұрат Жұрынұлының табандылығы мен қайсар мінезі күмәнді ойларды сейілтті.

Кеңес Одағының іргесі сөгіліп, еліміз Егемендігін жариялаған уақытта алғаш болып Тәуелсіздігімізді мойындаған Түркия мемлекеті болды. Түркия республикасымен арадағы үзілген байланыстар осы кезеңде қайта жандана бастаған болатын. Араға тура 11 ай салып Ахмет Ясауи атындағы Түркістан Мемлекеттік университеті – Халықаралық қазақ-түрік университетіне айналды. Оқу орны – қос ел бауырластығының ең алғашқы жемісі. 1992 жылғы 1 мамырда ҚР Президенті Н.Назарбаев пен ТР Премьер-министрі С.Демирелдің ортақ келісімі нәтижесінде, университет Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болып қайта құрылды.

1995 жылы оқу орны қалашығының іргетасын қою рәсіміне Президенттер С.Демирел мен Н.Назарбаевтың арнайы қатысқаны ұжымның әлі есінде. Осы сапарында Елбасы Н.Назарбаев: «Құрметті Түркия Республикасының Президенті Сүлеймен Демирел мырза және қонақтар! Республика халқы, Оңтүстік Қазақстан облысының жұртшылығы Түркістанға келген сапарларыңызға құтты болсын айтады! Біздің сіздермен кездескен күніміз жаңадан тәуелсіздік алған еліміздің тойы болып саналады. Біз тәуелсіздік алғанда, ең бірінші болып таныған, қабылдаған және қолдаған бауырлас Түркия мемлекеті болатын. Сондықтан да біз үшін бауырлас Түркия Республикасының орны ерекше! Біздің арамыздағы ұлы достық байланыстардың басы-қасында қазақ халқының үлкен досы, дүниежүзіне белгілі саясаткер әрі ірі мемлекет қайраткері Сүлеймен Демирел мырза жүр. Біздің бүгінгі кездесуіміздің мәні үлкен. Қазір болашақта тек Қазақстанда ғана емес, Орта Азиядағы ең ірі университетке

айналатын оқу орнының іргетасын қоямыз. сүйіспеншілігінен асқан бақыт жоқ. XXI



Бұл шын мәнінде үлкен іс. Қай мемлекет болмасын, жастарды оқытуға, халыққа білім беруге, жалпы ғылым-білімге қаражат табу – қиынның қиыны. Соған қарамастан, Қазақстан Республикасында ғылым мен білімге сара жол ашу міндеті қойылып отыр.

ғасыр – ғылым мен білімнің ғасыры. Халықаралық университет берік ынтымақты ту ете отырып, ғылым мен білімнің биік белесінен көріне береді деп сенемін. Біз де осы жолға бар мүмкіндікті жұмылдырамыз. Тек Түркия мен Қазақстан ғана емес, бүкіл



Бізге жасап отырған ағайындық, туыстық қамқорлықтарыңызға, Сіз арқылы бүкіл түрік халқына қазақ халқының атынан шын жүректен шыққан алғыс сезімін жеткізім келеді. Біз туысқан елге жақсылық, шаттық, бақыт тілейміз. Түрік халқының мәртебесі жоғарылап, өсе берсін! Түрік пен қазақ халқының арасындағы достық байланыс нығая берсін!»-деген болатын.

Содан бері 30 жыл өтті. Бүгінде, Халықаралық және Ерекше мәртебеге ие оқу ордасы, қазақ-түрік бауырластығының символына айналып, кемелденіп дамып келеді. Қазақстан мен Түркия мемлекеттерінің қамқорлығына ие университеттің аз уақытта үлкен белестерді бағындыруы, екі ел ынтымағының нәтижесі. Оқу орнының іргетасын қою рәсімінде ТР Президенті С.Демирел университетке үлкен сенім білдіріп: «Жер бетінде бейбітшіліктен, тыныштықтан, тұрақтылықтан, бауырластықтан, халықтардың ізгі құрмет-

түрік халықтарына ортақ университеттің түлектері жоғары талапқа лайық, үлгілі болулары керек!»,-деген болатын.

Иә, осыдан 30 жыл бұрын екі ел басшыларының көрегендікпен айтқан зиялы да, дана ойлары бүгінде нақты нәтижелермен іске асуда. Бүгінде әлем мойындаған университеттер қатарынан ойып орын алып келе жатқан оқу ордамыздың болашағы жарқын. Оқу орнына Қазақстан халқы, Түрік дүниесі, киелі жер – Түркістан деп, зор ықыласпен қарайды. Қазақ-түрік бауырластығының өркен жайып, нығая беруіне үлкен сенім білдіреді!

**Асқат КЕҢЕСҰЛЫ**  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің аға оқытушысы

Фото: О.Назаров



## МЕРЕКЕЛІК ШАШУ

### 28 МАУСЫМ - БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

# ОТБАСЫМЫЗ ҮШІН ОРНЫ БӨЛЕК

Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің белді қызметкері болып жүрген әкем Мұратбек Дүйсембеков: «Түркістанда университет құрылды, сонда барып қызмет жасайық, сол оқу орнының жанынан қазақ-түрік ерлер лицейі де ашылыпты, менің ұлым сонда оқитын болады», — деген екен. Біз әлі мектепке бармағанбыз, ал лицей 6-сыныптан бастап қабылдайтын болған. Ағамның өзі Түркістанға қайта келгенімізде 1-сыныпқа енді барған-ды (Мұны не үшін айтып отырғанымның себебін кейін түсінесіздер).

Туған қаласына оралуға асыққан әкем келісімен-ақ Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің редакциялық-баспа бөлімін басқарған. Оқу орнының сол кездегі алғашқы ректоры Мұрат Жұрыновпен етене араласып, әлде кімдер болашағына күдіктене қараған оқу орнының сол кездегі жетістіктерін БАҚ-да үздіксіз жариялап отырған. Университет ғалымдарының, студенттерінің ғылыми еңбектерінің жарыққа шығуына алғашқылардың бірі болып атсалысқан. Сонау 1993-



1994 жылдардағы ел жағдайы белгілі. Баспалық өндірістің те ахуалы шамалы. Сол баяғы электрлі мәшеңкемен жұмыс істейтін кездер. Бүгінгідей компьютер дегеніңіз тіпті тапшы. Енді ғана 1-2 дана алына бастаған кезең. Дегенмен, жоқтан бар жасап, оқулықтар шығаруға ықпал еткен әкем Мұратбек Дүйсембеков оқу орнының «Ясауи университеті» газетін, «Ясауи университетінің хабаршысы» журналын шығару туралы ойларын ректорға айтып жүріпті. Тіпті тиісті мекемелерге хат жазып, газеттің алғашқы кәуәлігін алып, министрлікке тіркетіп келген

де менің әкем болған. Туған қаласын мейірлене жақсы көрген әкем университетте шабыттана еңбек етіп жүріп, ректордың рұқсатымен «Түркістан» республикалық газетінде (Бас редакторы белгілі драматург, сатирик-жазушы Қалтай Мұхамеджанов), облыстық телеарнада (басшысы белгілі журналист Байділда Қонысбеков) тілші қызметтерін қосымша атқарған. Бүгінде отыз жылдық тарихы бар оқу орнының алғашқы жаңалықтары сол кездегі газет беттерінде жарияланып, облыстық телеарнадан күн сайын сұхбаттары мен репортаждары беріліп жатса, оны мен ерекше сағынышпен еске алатын жан әкемнің еңбегі деп зор мақтанышпен еске саламын. Тағдыр дегенді қойсаңызшы?! Асқар тау әкем осылайша шапқылап жүргенде ойламаған жерден көз жұмды. «Әппақ қызым, моншақ қызым» деп еркелететін әкемнің орны ойсырап қалды. Кешкі алты-жетіде жаңалықтарын шығаратын облыстық телеарнаның өзі дайындаған хабарын көруге асығып-аптығып үйге келетіні де әлі күнге есімде. Университеттің сол бөлімінің тізгінін өз қолына алған асыл анам жалғыз өзі бізді «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» өсіріп, ешкімнің ала жібін аттамауға үйретті.

...Сол баяғы Шымкентте айтқан әкемнің жоғарыдағы тілегі қабыл болғандай. Таңданбасқа лажың жоқ. Қазақ мұндайды «ауызы дуа-

лы» дейтін бе еді?! Университеттің басшылары ауысып жатты. Әкем ұлын оқытуды армандаған ерлер лицейі Кентау қаласына көшіріліп кетіпті. Ал ректорлыққа жаңадан келген Оразәлі Сәбденовтің тұсында университет жанынан қазақ-түрік лицейі ашылды. Біздің бағымызға қарай бұл жолы ерлер, қыздар деп бөлінбепті. 3-4 жыл ғана «өмір сүрген» сол лицей 9-10-11 сыныптарға бала қабылдап, екі бағытта – математика және ағылшын тілін тереңдетіп оқыту мақсатында өз жұмысын бастап кетті. Директоры Жарқынбек Құлбайымбетов болып бекітілген. Бір қызығы, осы кісі 1977 жылы әкем бітірген С.Сейфуллин атындағы мектептің де директоры болған екен. «Әкелерің мықты еді» дейтін ол бізге қамқор көзбен қарап. Ал біз болсақ, әкем бесінші сыныпқа дейін оқыған №5 Ғани Мұратбаев атындағы орта мектептің үздік оқушылары ретінде лицейге құжат тапсырып, екеуміз де оқуға қабылдандық. Әрине, ағам менен бір жыл бұрын үзді, тура сол 9-сыныпқа келген еді. Екеуміз де осы лицейді ағам үздік, мен алтын белгімен бітірдім. Таңданып жатқаным сол, біз бітірісімен сол лицей жабылып қалды. Тура сол әкемнің тілегіменен бізге бола ашылып, бітірген соң жабылып қалғандай көрінеді осы күні...

... Әкемнің шығармашылығымен танысып отырып, байқайтыным, ол Түркістанды ерекше жақсы көрген. Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде ғана бар, республика бойынша жалғыз факультет журналистиканы ойдағыдай бітіріп шыққан әкем Мұратбек Дүйсембеков 1983 жылы Алматыда қалып, республикалық «Жаңа фильм» (бас ректоры бүгінде белгілі қоғам қайраткері Алтыншаш Жағанованың кезінде) журналында мамандығы бойынша еңбек жолын бастаған. Қарымды қаламгер Шерхан Мұртаза басшылық жасаған «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қожанасыр қоржыны» аталатын сатиралық беттің жүргізушісі бола тұрып, туған қаласының болашақта қалай гүлденетінін жүрегі сезгендей, біз үшін еліне қайта оралғандай көрінеді маған. Қазақ тарихында аттары алтын еріппен жазылған зиялы қауымның ортасынан туған үйіне оралған жан әкемнің қара шаңырағы ағам үшін аманат болып қалғандай... Ал енді өзіме келсем, Абылайхан атындағы Әлем тілдері және халықаралық қатынастар университетінің аударма ісі факультетін ойдағыдай бітіріп, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті арқылы Анкара қаласындағы Гази университетінің магистратура, докторантура бөлімдерінде оқуымды жалғастырдым. Мен өз өмірімде Гази университетіндегі жетекші профессор Кемаль Синан Өзмен секілді тамаша ғалымды жолықтырғаным ризамын. Ғылым жолы күрделі. Десе де осы жолда өзіңе дұрыс бағыт-бағдар беріп, зерттеушілік қарым-қабілетіңді жүзеге асыруыңа ықпал еткен, ғылымға адал жетекшімнің білімі мен білігі мені тәнті еткенін айтпай кете алмаспын. Ол кісінің есімі Түркия елінде тек ғалым ғана емес, сонымен бірге көркем шығармашылықпен айналысатын жазушы ретінде де танымал.

...Бұл аралықта адам танымастай көркейіп келе жатқан көне Түркістанның облыс орталығына айналып, біздің бала кезімізде ашылған оқу орнының отыз жылдық тарихты бастан кешіріп, жоғары мәртебе алған тұсында қызметке келгеніме қуаныштымын. Отбасымыз үшін орны бөлек әкем Мұратбек Дүйсембеков пен анам Гүлжан Әбілдаева қызмет жасаған Ахмет Ясауи университетінде жан-тәніммен еңбек етіп, болашақ кадр даярлау ісіне өз үлесімді қосатыным сенімдімін. Өйткені, қасиетті Түркістан топырағында өскен әкемнің аруағы мені қолдайтыны анық.

**Зерде ДҮЙСЕМБЕКОВА,**  
ағылшын филологиясы және аударма ісі  
кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор,  
adilet-gazeti.kz

## ӨЗ МАМАНДЫҒЫМДЫ МАҚТАН ЕТЕМІН!



Бала күннен бері армандаған мамандығымның иесі болуға қадам жасаудамын. Қазіргі таңда түркі төріндегі Түркістандағы белді оқу ордасы Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің 1-курсын тәмамдадым. Журналист болу – арманым! Мектеп бітіріп, университетке құжат тапсырар сәт те келді. Жүрек қалауым журналистикаға қарай бұрылды. Таңдауымды әкем қуана құптады. Бұрын тек алыстан атын естіп, сырттай таныс болып жүрген ұстаздарымның дәрісін тыңдау бақытына ие болдым. Жанға жайлы жатақхана екінші үйіміздей болып кетті. Жаңа достар таптым. Түркістан қаласы күннен-күнге гүлденіп келеді. Сабақтан тыс уақытта қаланың көрікті жерлерін аралап, бейне түсірілімдер жасаймыз. Жақында ғана 60 жоғары оқу орнының спортшы-студенттері арасында XI жазғы универсиада біздің оқу ордамызда өтті. 40 күнге созылған тартысты бәсекенің бел ортасында жүріп, сюжет түсіру, ақпарат әзірлеу, фото түсіру жұмыстарына белсене қатыстық. Бұл да болса біз үшін тәжірибе алаңы болды. Қайнаған тіршіліктің арасында жүріп, өз мамандығымды тағдауда қателеспегенімді түсіндім. Халықтың үні, хабаршысы болатын журналист болуды мақсат еттім. Мереке қарсаңында барша бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін мерекелерімен құттықтаймын.

**Ыбрахим АМАНБАЙ,**  
1-курс студенті



## ЭТНОСАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ДІННІҢ РОЛІ

Этносаралық татулық мәселесі жалпы адамзаттық құндылық болып, мемлекеттің тыныштық пен ынтымақтастықта өмір сүруіне кепіл болады. Этносаралық татулықты қамтамасыз етуде көптеген факторларды атап өтуге болады. Сол факторлардың ішінде ең маңыздысы діни фактор болып табылады.

Адамның діни сенімі, әлеуметтік қатынастарға, өндіріске жалпы адам өмірінің барлық саласына өз ықпалын тигізіп отырады. Діни сенім әуелі жеке тұлғаларда көрініс тапқанымен оның негізгі көрінісі сол сенімді ұстанатын адамдардың өмір сүру ерекшеліктері мен қоғамдық қатынастарында көрініс табады. Өйткені өткен тарихтағы әрбір мәдениеттің түп тамыры белгілі бір дінді ұстанатындардың сенімдеріне негізделеді.

Діннің элементтері қоғамдық құрылымның ортаға шығуымен тікелей байланысты. Әрбір дін белгілі тұлғалар тарапынан қабылданған кезде, өмір сүруге ыңғайлы кеңістік құратын қоғамдастық құруға әрекет жасайды. Мұны қамтамасыз ететін құрылымды дін өзімен бірге алып келеді.

Барлық діндерде жамағатпен бірге құлшылық жасау өте маңызды болып табылады. Адамдар бір араға жиналған кезде өздерінің жеке мүдделерінен бас тартып жамағаттың пайдасы үшін жұмыс жасауды қамтамасыз ететін ықпалды күштің болуы маңызды. Бұл істі тікелей дін қамтамасыз етеді.

Бірдей сенімге ие болу және бұл арқылы пайдаға қол жеткізу адамдар арасында тығыз байланыс орнатады. Кіші-үлкен әлеуметтік ұйымдар міндетті түрде біріктіретін факторларға өте мұқтаж болады. Міне дін осы қажеттіліктерді қамтамасыз етеді. Төменде діни сенім мен құлшылықтардың адамдар арасындағы біріктірушілік қызметі қырына тоқталамыз.

1. Діни сенімнің жамағат қалыптастыру қызметі: Діни наным - бұл адамның өзі таңдайтын немесе дүниеге келген кездегі діни түсініктің теориялық тұрғыдан қабылдауы қажет болған аспектілері. Бір дінді ұстанатын адамдар арасында адамгершілік тұрғысынан жақын қарым-қатынас пайда болады. Бұл қатынастар адамдарды одан да жақын достық қарым-қатынас жасауға мәжбүрлейді. Психологиялық тұрғыдан да дін, сол діннің өкілдерінің ортақ құндылықтарға сенуге байланысты ар-ождан түсінігін қалыптастырады. Осылайша дін, әкелген сенім жүйесі арқылы және қалыптастырған ар-ождан түсінігі арқылы психологиялық тұрғыдан да біріктіруші қызметті атқарған болып есептеледі. Барлық діндер белгілі сенім жүйесімен ерекшеленеді. Діндер өз мақтатына жету барысында осындай «ортақ құндылықтарға» ие болады осылайша сол дін өкілдері арасында мықты үзілмейтін байланыс пайда болады.

2. Құлшылықтардың жамағат қалыптастыру қызметі: Шындығында адамдардың көпшілік болып жасаған құлшылықтары және өзге де діни ғибадаттары олардың бір-бірімен жақын араласуына және өзара тығыз байланыс құруға себеп болады. Бірдей ритуалдарды орындайтын жамағат өкілдері бір-бірін түсінуге, жақсы көруге және иелігіндегі нәрселерді бөлісуге психологиялық тұрғыдан жақындық сезінеді. Бұл жақындық ары қарай дамыған сайын өмірдегі дінге қатысы жоқ қырларымен де (сауда және т.б.) бірқатар өзара жақын қарым-қатынас және сүйіспеншілікке негізделген қасиеттерге қол жеткізеді.

Ғибадаттар діни қауымдастықтың басын біріктіретін міндет ретінде әрекет ету арқылы менмендіктің алдын алады. Қазіргі таңда қоғамдағы әртүрлі кикілжіңдер мен шиеленістерге себеп болып отырған бұл менмендік болып табылады. Діндегі сенім мен құлшылықтардың нәтижесінде адамдарға берілетін сауап сияқты амалдар, ұлты мен тегіне қарамастан өзіне пайдасы болмаса да өзгеге көмектесу сияқты жанкешті қасиеттерді адам бойында қалыптастырады.

Ислам дінінің негізгі қайнар көздері болып табылатын құран кәрім мен хадистерде мұсылмандардың ұлтына, нәсіліне, шығу тегіне, қоғамдағы алатын мәртебесіне қарамастан барлық мұсылмандардың Алланың алдында тең екендігі тілге етіледі. Мысалы, Құран Кәрімнің Хужурат сүресінде «Шындығында мұминдер бір-біріне бауыр» мағынасындағы аят кездеседі. Адамдардың нәсілі, ұлты, әлеуметтік деңгейі сияқты жағдайлардың емес, Аллаға жақын болудың маңыздылығы алға тартылады. Осы тұрғыдан алғанда әртүрлі ұлт пен этнос өкілдері арасындағы болатын қақтығыстардың алдын алуда діннің орны ерекше деп айтуға болады.

Мухаммед Пайғамбар өзіне иман еткен мұсылмандармен бірге 622 жылы Меккеден Мәдина қаласын хижрат жасайды. Мәдинаға көшіп келген сахабаларға «мухажир» атауы берілді. Ал



Мәдинаның жергілікті тұрғындары, көшіп келгендерге материалдық әрі рухани тұрғыдан көмектескені үшін «жәрдем беруші» мағынасын білдіретін «Әнсар» атауымен аталатын болды. Мухаммед Пайғамбар Мәдинаға көшіп келгеннен кейін алғашқы жасаған ісі Меккелік мухажирлар мен Мәдиналық Әнсарлар арасындағы бауырластықты қалыптастыру болды. Осылайша Мухаммед Пайғамбар әрбір мухажирге әнсардан біреуін бауыр ретінде тағайындады. Бұл бауырластық қандас және нәсіл бауырластығынан да мықты бауырластық болатын. Осылайша Мәдиналық мұсылмандар мухажирлерді үйлерінде қонақ етіп бір жапырақ нанды бөліскен, мұң-мұқтаждарына ортақ болған. Мухажирлер мен әнсарлардың осындай бауырластық әрекеттері қазіргі күнге дейін бүкіл мұсылман қауымына үлгі өнеге болып келеді.

Ислам діні келмей тұрып Мәдина қаласында Әус және Хазраж екі араб тайпасы арасында әртүрлі қақтығыстар мен шиеленістер болатын. Кейде бұл шиеленістердің соңы соғыспен аяқталатын. Мухаммед Пайғамбар Мәдина қаласына хижрат жасағаннан кейін ғана бұл келіспеушіліктер мен соғыстар тоқтады. Бұл туралы құранда мынандай аят кездеседі: «Түп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысындар да бөлінбедер. Сондай-ақ өздеріңе Алланың берген нығметін еске алыңдар. Өйткені: Бір-біріңе дұшпан едіңдер, жүректеріңнің арасын жарастырды, Оның игілігімен туысқа айналдыңдар. Оттан бір шұңқырдың ернеуінде едіңдер, сендерді одан құтқарды. Осылайша Алла сендерге аяттарын тура жолға түсулерің үшін баян етеді» (Али Имран сүресі 103).

Сонымен қатар ислам діни нәсілшілдікке қатаң түрде тиым салады. Нәсілшілдік - бұл өз ұлтын, өз тайпасын және өз нәсілін басқа тайпа, ұлт, нәсілден жоғары санау болып табылады. Нәсілшілдік жеке тұлға мен қоғам арасында көре алмаушылық, кек сақтау, дұшпандық сияқты сезімдерді оятады. Ұлттық бірегейлік пен этностар арасындағы татулыққа және әлеуметтік келісімге зиянын тигізеді. Жеке тұлға мен қоғам арасында әртүрлі бүлік пен бөлінушіліктің шығуына және қоғамдағы тыныштық пен татулықтың жойылуына себеп болады. Бұның нәтижесінде әртүрлі экстремистік іс-әрекеттер мен шектен шығушылық орын алып ішкі соғыстың шығуына алып келуі мүмкін.

Қоғамда тыныштық пен татулық жойылған жағдайда сол елдің экономикасы мен материалдық тұрғыдан дамуына кері әсерін тигізеді. Экономикалық тұрғыдан құлдыраған ел, өзге алпауыт елдердің қол астына кіріп өз тәуелсіздігін жоғалтуы мүмкін. Қысқаша айтсақ нәсілшілдік елдің құлдырауы мен жойылуына себеп болуы мүмкін.

Нәсілшілдіктің емі – бұл адам баласына болған сүйіспеншілік болып табылады. Шын мәнінде, Аллаға және пайғамбарға деген сүйіспеншілік, діни бауырластық және бірлік пен ынтымақтастық рухы осындай махаббатпен ғана жүректерде орныға алады. Нәсілшілдікті ұлтжандылықпен (патриотизм) шатастырмау керек. Өйткені ұлттық сезімдерге ие болу мен нәсілшілдік екеуі басқа-басқа ұғым. Ұлттық сезімдерге ие болған адамға нәсілшіл деп айту

дұрыс емес. Кәміл мұсылман өз Отанын, ұлтын, құндылықтарын және өмір сүріп жатқан қоғамды жақсы көруі тиіс.

Барлығымызға белгілі болғанындай Отанға болған сүйіспеншілік адамның болмысында бар дүние. Тіпті бұл сезім жануарларда да кездеседі. Сондықтан да Ардақты Пайғамбарымыз «Отанды сүю-иманнан» хадисін бекерге айтпаған.

Мухаммед Пайғамбар Меккеден Мәдинаға хижрат жасағанда Мекке туралы былай деген: «Еш күмән жоқ сен жер бетінің ең қайырлысы және Алланың алдында ең жақсы мекенісің. Егер қауымым тарапынан шығарылмағанымда сенен ажырамайтын едім». Демек өз отанын, жерін, ұлтын сүю бұл нәсілшілдік емес.

Құранда адамдарды бауырластыққа, бірігуге шақыратын көптеген аяттар кездеседі. Мысалы, «Алланың алдында ең жақындарың тақуаларың» (Хужурат сүресі 13), «Адамдар бір-ақ үмбет еді, кейін бөлінушілікке түсті» (Жүніс сүресі 19), «Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқындар» (Ниса сүресі 1), «Көктер мен жерді жаратуы, тілдеріңнің түстеріңнің әртүрлі болуы да Оның белгілерінен. Шәкіз бұларда білгендер үшін белгілер бар» (Рум сүресі 22).

Мухаммед пайғамбардың хадистерінде де Алланың алдында барлық адамдардың тең екендігі, мұсылмандардың бір-біріне бауыр екендігі туралы көптеген риуаяттар бар. «Әй адамдар! Біліп алыңдар шындығында сендердің Раббыларың бір, аталарың бір. Қараңдар, жақсылап тыңдаңдар. Араб, араб емеске немесе араб емес, арабқа; ақтың қараға, қараның аққа еш қандай үстемдігі жоқ. Үстемдік тек қана тақуада» (Таберани 360), «Кімде кім нәсілшілдік жолына түссе ол бізден емес. Нәсілшілдік жолында соғысқан бізден емес. Нәсілшілдік жолында өлген бізден емес» (Әбу Дәуіт, Әдеп 111-112).

Осы жоғарыдағы құран аяттары мен хадистер Қожа Ахмет Ясауидің хикметтеріндегі «Сүннет екен Кәпір де болса берме азар, Көңілі қатты ділазардан Құдай бизар» хикметі және Абай Құнанбайұлының «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, және хақ жол осы деп әділетті» сияқты тұжырымдарымен сабақтасып отыр.

Қорытындылай келе этносаралық татулық пен ынтымақтастықты қамтамасыз етуде діннің орны ерекше. Тек қана ислам діни емес барлық діндерде адамзатты жақсылыққа, туралыққа, ешкімге зиян бермеуге, біреудің ақысын жемеуге, өзгені ренжітпеуге, қолдан келгенше адамдарға, қоғамға пайдалы болуға, қоғамда татулықпен, ынтымақтастықпен өмір сүруге шақырады. Адамдардың арасына іріткі салу, қоғамда бүлік шығару, әртүрлі бөлінушілікпен шектен шығушылыққа қатаң түрде тиым салады.

**Ж.Е.НУРМАТОВ,**  
Гуманитарлық ғылымдар факультеті  
Дінтану кафедрасының  
доцент м.а. PhD доктор



## СТУДЕНТ ЖАЗБАСЫ

## Студенттер беті

## АУДИТОРИЯ



## ШЫМКЕНТТІК ОҚУШЫ АУАНЫ ТАЗАРТАТЫН РОБОТ ОЙЛАП ТАПТЫ

Шымкент қаласындағы Н.Назарбаев зияткерлік мектебінің 8-сынып оқушысы Тимур Сапаев жақында В.Вернадский атындағы Бүкілресейлік жасөспірімдердің ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауының жүлдегері атанып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. Тимур байқауға "Ашық алаңдар мен ғимараттардағы қалалық ауаны бақылау және тазартуға арналған күн батареяларымен жұмыс істейтін мобильді автономды боттарды қолдану" атты жұмысын ұсынған. Бұл жұмыс үшін автономды "ОХУВОТ" роботын жасаған.



**Айта кетейік, В.И.Вернадский атындағы Бүкілресейлік жасөспірімдердің ғылыми - зерттеу байқауы – қашықтан күндізгі кешенді білім беру бағдарламасы, әрі Ресей мен әлемнің түрлі аймақтарындағы білім беру мекемелері, оқушылар, мұғалімдер мен ғалымдардың бір-бірімен байланыс орнатуына бағытталған. Биылғы XXVIII байқауға барлығы 1323 жұмыс ұсынылған.**

- «Мен 2007 жылы Өзбекстанның Таш-

кент қаласында дүниеге келдім. Өйткені, ата-анам сол уақытта сонда жұмыс істеп жүрген. Суда жүзгенді ұнатамын. YouTube желісінде ғылыми-танымдық арналарды көрген ұнайды. Мысалы: Kurzgesagt, National Geographic. Негізінен актерлік өнерді жақсы көремін, - деп өзін қысқаша таныстырған кейіпкеріміз Тимур Сапаев әңгімесін бастап кетті.

**- ОхувоТ роботын құру идеясы қайдан пайда болды?**

- National Geographic әлем халқының тез өскендігі және соған сәйкес атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының көбейіп жатқандығы туралы айтты. Мен бұл ақпараттан қатты қорқып кеттім. Өйткені бұл адам денсаулығына және планетаның болашағына зиянды әсер етеді. Сосын осы мәселені шешу жолдарын интернеттен іздедім және Smof Free Tower мұнарасынан шабыт алдым. Дәл осы кезде біздің мектепте робототехника бойынша конкурстар өткізілді. Мен жобаның жетекшісі болуға келіскен Ирина Николаевнадан кеңес сұрадым.

**- Жобаны жүзеге асыру үшін қандай кезеңдерден өттіңіз?**

- Алдымен осы мәселемен күресудің қолданыстағы әдістерін зерттедім. Әрі қарай біздің алдымызда 2 таңдау болды: тазарту немесе ластану деңгейін анықтау. «Тазалық тазалап отыратын жерде емес, ластанбайтын жерде» демекші динамикалық экологиялық картаны құру арқылы ластану көздерінің анықтамаларына тоқталуды жөн көрдік. Сондай-ақ қолданыстағы әдістердің кемшіліктерін талдап, осы олқылықтардың орнын толтыруға тырыстық. Келесі кезекте роботтың сызбалары, қажетті модульдер мен датчиктерді таңдау, Оху ВоТ жұмысының алгоритмін құру басталды. Сонымен, соңғы кезең роботты жинау және тестілеу болды, ол сәтті өтті.

**- ОхувоТ қалай жұмыс істейді?**

- Роботтың негізгі миссиясы - қала ауасындағы зиянды бөлшектерді анықтау, деректерді серверге жіберу, оның негізінде нақты уақыт режимінде динамикалық

эко карта құрылады, сонымен бірге белгіленген маршрут бойынша үнемі қозғалады. Роботтың екінші реттік функциясы, оның кішігірім мөлшеріне қарамастан, зиянды бөлшектердің критикалық деңгейі анықталған кезде ауаны ішінара тазартады.


**- Жобаға инвесторлар бар ма?**

- Бұл кезеңде инвесторлар жоқ. Жақында бір стартап жобаға қатысуға өтінім бердім, оған инвестор табылуы мүмкін.

**- Болашаққа жоспарларыңыз қандай?**

- Егер сіз ОхувоТ-тың дамуы туралы айтқан болсаңыз, онда мен оған қазір Швейцария мен Ресейде дамып жатқан ауадағы вирустарды анықтайтын датчиктерді қосар едім, өрине, егер инвесторлар болса. Өзімнің өмірлік жоспарларым туралы айтар болсам климаттың ғаламдық өзгеруіне байланысты проблемаларды зерттеуді жалғастырмай келеді. Менің ойымша, адамның ауаны тазартуға құқығы ер елдің Конституциясына енгізілуі керек (тіпті адамдардың өзі планетаның ауасы мен табиғатын бұзғанын біле отырып).

**-Сұхбат бергеніңе көп рахмет!**



Гүлжан НИЯЗОВА  
1-курс студенті

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Ақпарат орталығы

Журналистер:

Бекжігіт Сердәлі

Эльмира Артықбаева

Дизайнер:

Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru